

Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі құжаттарды ресімдеу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 1996 жылғы 18 желтоқсан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 17 ақпан N 262 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрлігінің 2000 жылғы 21 қарашадағы N 263 бұйрығымен. ~V001347

Осы Нұсқаулық 20.12.1991 ж. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Z914800_ Заңын және 27.09.1996 ж. "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы" Ережесін орындау мақсатында жасалды және Қазақстан Республикасы консулдық мекемелерінің практикалық қызметінде пайдалануға арналған. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде құжаттарды ресімдеу барысында төмендегілерді б а с ш ы л ы қ қ а а л у к е р е к :

1. Шетелдік азаматтар және шетелде тұрып жатқан азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығынан шығу туралы өтінішті Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің атына береді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішке

келесі құжаттар қоса беріледі:

- а) бекітілген нысанда екі данада анкета-өтініш;
- б) еркін нысанда жасалған және Ереженің 7-тармағына сәйкес ресімделген екі данада өмірбаян;
- в) "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңының 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттеме;
- г) 4x5 см көлеміндегі төрт фотосурет;
- д) денсаулығының жай-күйі туралы, сонымен бірге иммунды тапшылық вирусына тексеруді көрсетумен берілетін анықтама;
- е) сотталған немесе сотталмағаны туралы қазақ немесе орыс тіліне міндетті аудармасымен анықтама;
- ж) консулдық алымды төлегені туралы құжат.

3. Егер Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағысы келетін адам қосарланған азаматтықты болдырмау жағдайлары туралы Қазақстан келісім жасаған мемлекеттің азаматы болып табылса, өтініші осындай мемлекеттің құзырлы органының оның Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау ниетіне деген көзқарасына куә болатын құжатты бірге тапсырғанда қабылданады. Егер мұндай құжат өтініш берушіден тәуелсіз жағдайларға байланысты тапсырыла алмайтын болса, ол бұл туралы өзінің өтінішінде көрсетуге тиіс.

4. Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш беруші адам өтініштің берілген сәтіне қарай Қазақстан Республикасының азаматымен (азаматшасымен) некеде тұрса, онда оларға некеге тұрғаны туралы куәліктің консулдық мекеме куәландырған көшірмесі беріледі.

5. Жасы 18-ге толмаған, сондай-ақ белгіленген тәртіпте іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы консулдық мекемелер куәландырған өтінішті сәбидің туғаны туралы куәліктің көшірмесімен (асырап алушылар, қамқоршылар және шапағатшылар жергілікті атқару органы шешімінің көшірмесін береді) немесе іс-әрекетке қабілетсіз адамның жеке басын куәландыратын құжатпен бірге олардың заңды өкілдері береді.

14-тен 18-ге дейінгі жасы толмағандар үшін ата-анасының өтінішіне немесе өзге де заңды өкілдердің өтінішіне консулдық мекемелер куәландырған жазбаша келісімді тапсыру қажет.

6. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш берген және тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына көшуге тілек білдірген адам азаматтыққа қабылдау туралы мәселенің республика аумағының белгілі бір бөлігінде тұрғын үйдің берілуіне және жұмысқа орналасуына орайласатындығы туралы көрсетуі тиіс.

7. Өтініштерді қабылдау барысында тегінің, атының, әкесінің атының, туған жерінің және уақытының дұрыс жазылғанын анықтау үшін ұлттық паспорттарды немесе тұруға берілген рұқсаттарды көрсетуін талап ету қажет, бұл туралы анкета-өтініштерде тиісті белгі жасалады.

8. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- а) бекітілген нысанда екі данада анкета-өтініш;
- б) еркін нысанда жасалған және Ереженің 7-тармағына сәйкес ресімделген екі данада өмірбаян;
- в) 4x5 см көлемінде үш фотосурет;
- г) туғаны және некесі туралы куәліктердің көшірмесі;
- д) консулдық алымды төлегені туралы құжат.

9. Анкета-өтініштердің және өмірбаяндардың барлық даналарына өтініш беруші жасалған күнін көрсете отырып, қол қоюға тиіс. Егер өтініш иесі өтінішке сауатсыздығына немесе жарымжандығына байланысты қол қоя алмайтын болса, оның қалауы бойынша өтінішке басқа адам қол қояды, бұл туралы Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі өтініште тиісті жазба жасайды.

10. Жасы толмағандар мен іс-әрекетке қабілетсіз адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініші осы Нұсқаулықтың 5-тармағында көрсетілген тәртіпте беріледі.

Қажет болған жағдайларда некені бұзғаны, ата-анасының бірінің қайтыс болған, асырап алғаны, қамқорлық пен шапағатшылық (тиісті жергілікті атқару органының шешімі), ата-ана құқығынан айыру, алименттерді төлеу туралы Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі куәландырған құжаттардың көшірмелері тапсырылады.

11. Егер ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылса және олардың бірі мұнымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының азаматтығынан жасы толмаған сәбиді азаматтықтан шығару туралы өтініш бере отырып шығатын болса, онда екіншісінің сәбидің Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына қатысты көзқарасы көрсетілген өтініші тапсырылуға тиіс. Мұндай өтінішті Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі куәландырады.

12. Ата-аналардың (асырап алушылардың) жасы толмаған балалар үшін Қазақстан Республикасының азаматтығын таңдағаны туралы келісімі консулдық мекемеге берілетін бірлескен жазбаша мәлімдеме түрінде ресімделеді.

14 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға қатысты өтініштер Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі куәландырған олардың жазбаша келісімі болған жағдайда қабылданады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын таңдау туралы шешімімен бірге өтініште ата-аналары (асырап алушылар) мен сәби туралы негізгі мәліметтер (азаматтығы тегі, аты, әкесінің аты, туған (асырап алған) күні мен айы тұрғылықты жері, асырап алушылардың, сондай-ақ ата-аналарының (егер ата-аналары некеде тұрған болса) некеге тұрған уақыты мен жері) көрсетілуі қажет. Ата-аналардың (асырап алушылардың) өтінішке қойған қолдарын консулдық мекеменің қызметкері куәландырады.

13. Біреуі Қазақстан Республикасының азаматы, екіншісі Қазақстан Республикасы қос азаматтық жағдайын болдырмау туралы шарт жасасқан мемлекеттің азаматы болып табылатын ата-аналардың өтініштерін ресімдеу осы конвенцияда белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

14. Азаматтық мәселелері жөніндегі өтініштерді ресімдеуді жүзеге асыратын консулдық мекемелер өтініш берушіден осы ережеде көрсетілген құжаттар мен

материалдардан өзге, іске қатысы бар басқа да құжаттарды талап етуге құқылы. Ұсынылған құжаттарда толымсыз немесе нақты емес мәліметтер орын алған жағдайда құжаттар оған толықтырулар, өзгертулер немесе түсініктемелер енгізілуі үшін өтініш иесіне қайтарылып беріледі.

15. Барлық құжаттар қазақ немесе орыс тілінде жазылуға я болмаса тиісінше қазақ немесе орыс тіліндегі куәландырылған тәржімасымен қамтамасыз етілуге т и і с т і .

16. Сауалнама-өтініш бланкілері ұсыныс білдірушілерге тек олардың барлық талап етілетін құжаттарды тапсырған жағдайында ғана беріледі.

17. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы сауалнама-өтініш беру кезінде өтініш иелеріне олардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуының құқықтық және басқа да салдары түсіндіріледі, сондай-ақ бұл жөнінде сауалнама-өтінішке белгі соғылатын, оған сәйкес Қазақстан Республикасы азаматының шетелдік мемлекет азаматтығына жататындығы танылмайтын Заңның 3-бабының ережесі т ү с і н д і р і л е д і .

18. Ұсыныс материалдары бойынша консулдық мекеме онда өтініш иелерінің тегі, аты және әкесінің аты, олардың туысқандық қатынастары, өтініш иелері ұсынып отырған балалардың тегі, аты, туған уақыты мен жері көрсетілетін, істің жағдайы, ұсыныстың мән-жайы мен себептері, сондай-ақ өтініш иесінің өтініші жөнінде консулдық мекеменің дәлелді пікірі баяндалған қорытынды жасайды. Бір отбасының мүшелеріне бірегей қорытынды түзіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы ұсыныс жөніндегі қорытындыда, сондай-ақ, өтініш иесінің Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп-қонғысы келе ме, жоқ па және оның нақты қай жерде тұрғысы келетіні көрсетіледі.

19. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығынан шығу туралы материалдар бойынша Сыртқы істер министрлігі, консулдық мекеме шығарған қорытындыда ұсынысын қанағаттандыру немесе қабылдамау қажеттілігі танылатын себептер толық баяндалуға тиісті.

Қорытындылары Сыртқы істер министрі, консулдық мекеменің басшысы немесе олардың орынбасарлары бекітеді.

20. Консулдық мекеме ресімделген материалдарды - бір данада, ал өзінің қорытындысын - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне екі данада ж о л д а й д ы .

Ұсыныстармен қорытынды материалдардың көшірмелері ұсыныстар бойынша қабылданатын шешімдердің түпкілікті орындалғанына дейін консулдық мекемеде сақталуға тиісті.

21. Кеңсе атрибуттары (шығыс нөмірі, уақыты және белгісі) қорытындыда

тікелей

көрсетілуге

тиісті.

22. Азаматтық мәселелері жөніндегі материалдарды консулдық мекемеде ресімдеу мерзімі өтініш берген күннен бастап 1 айдан аспауға тиіс.

23. Азаматтық мәселесі жөніндегі қайталама өтініш осы мәселе бойынша алдыңғы шешімнен кейін бір жыл өткен соң қаралады.

24. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш бойынша құжаттарды ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініштерді қарау үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Ереженің 3-тармағында көзделген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы ұсынысқа өтініш иесінің бұрынырақта Қазақстан Республикасының азаматы болғанын куәландыратын және оның республика аумағында тұрақты тұрғанын растайтын (тууы туралы куәлік, тұрғылықты жерінен анықтама және т.б.) құжаттар қоса тапсырылады.

25. Консулдық мекемелер Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуы мынадай жағдайларда тіркейді:

- Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының азаматына қатысты оның басқа мемлекеттегі қауіпсіздік қызметіне, полицияға, юстиция органдарына немесе басқа да мемлекеттік өкімет және басқару органдарына жұмысқа тұрғанын растайтын құжаттар немесе басқа да сенімді мәліметтер болған жағдайда. Сонымен бірге аталған органдармен жұмысшы мамандығы бойынша (жүргізуші, слесарь, жинаушы, электрик және т.б.) міндеттерді атқаруға шарт жасасқан адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылмайды.

- егер ол адам шетелде 5 жыл бойы тұрақты тұрған кезінде орынды себепсіз консулдық есепте тұрмаған болса, 5 жылдық мерзім туралы ереже 01.03.1992 жылдан бастап қолданылады және 16 жасқа толмағандарға таралмайды. Консулдық мекеме басшысы жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы азаматының консулдық есепке дер кезінде тұрмауының себептері орынды ма, жоқ па, оны өз бетінше бағамдайды.

- егер Қазақстан Республикасының азаматтығы әдейі жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар ұсыну нәтижесінде берілгендігі анықталатын болса.

26. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуды тіркеу оның Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылғаны туралы шешімнің қабылдану себептері мен негіздері туралы сол адамға мәлімделгеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Мұндай кезде осындай шешімге байланысты шағымдану тәртібі міндетті түрде түсіндірілуге тиіс.

27. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу оны тіркеу сәтінен басталады. Тіркеу оған елшілік (бас консулдық) басшылығы қол қойған немесе

бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру туралы қорытынды түзу жолымен жүзеге асырылады. Қорытындыда азаматтығынан айырылған адамның тегі, аты, әкесінің аты, туған уақыты мен жері, оның Қазақстан Республикасында тұрған-тұрмағаны, Қазақстан Республикасынан қашан, қай жақтан және қандай құжат бойынша кеткені көрсетілуге, сондай-ақ оның азаматтығынан айырылу негіздері мен қорытындының жасалған уақыты көрсетілуге тиіс. Қорытынды мекеменің ресми бланкісіне ресімделеді.

28. Қорытынды азаматтықтан айырылуды тіркеу үшін негіз болған құжаттармен бірге одан әрі қарай Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Комиссияға беру үшін Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің Бас консулдық басқармасында жіберіледі.

29. Консулдық есепте тұрған және Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылған тұлғалар есептен шығарылады, ал олардың паспорттары жойылады. Бұндай тұлғалардың тілегі бойынша, оларға тиісті анықтама берілуі мүмкін.

Азаматтықтан айырылуды тіркеу үшін негіз болған қорытынды көшірмесі мен құжаттар көшірмелерін консулдық мекемеде жыл бойы сақтау ұсынылады.

30. Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығын анықтау:

Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығы туралы өтініш бекітілген үлгідегі фотосуреті қоса берілген сауалнамада жазылады.

Өтініш берушінің Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығына байланысты күмәнсіз жағдайларды дәлелдейтін құжаттар болған кезде, консулдық мекеменің басшысы бұл сұрақ бойынша жеке өзі шешім қабылдайды.

Өтініш берушінің тиісті құжаттары болмаса, консулдық мекеме Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің Бас консулдық басқармасына екі данада сұрату жібереді.

Өтініш берушінің хабарлаған мәліметтері негізіндегі сұратуларда істің мән-жайы, Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығы, анықталып отырған тұлға туралы егжей-тегжейлі деректер, оның өтініш беру кезіндегі азаматтығы, отбасы жағдайы, білімі, Қазақстан Республикасындағы туысқандарының болуы және олардың мекен-жайлары жазылады. Сұратуларда сондай-ақ өтініш берушінің Қазақстан Республикасында бұрынырақта тұрғандығы, Қазақстан Республикасынан кеткенге дейін қай жерде және кім болып жұмыс жасағаны, шетелге қашан, қандай және қандай құжат бойынша кеткені, Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы мәселе бойынша бұдан бұрынғы өтініші және оның өтініші бойынша қандай шешім қабылданғандығы, оның жеке басын растайтын Қазақстан Республикасы құжатының болғандығы, жеке басы қазіргі кезде қандай құжатпен расталатындығы туралы көрсетіледі. Консулдық мекеменің сұратуларына өтініш берушінің сауалнама-өтініші қоса беріледі.

31. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің тиісті мемлекеттік органдар немесе басқа ұйымдар арқылы өтініш берушінің Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығын тексеруді жүргізеді және қабылданған шешім туралы консулдық мекемені хабардар етеді.

Егерде өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығы расталса, консулдық мекеме оған Қазақстан Республикасы азаматының паспортын береді және консулдық есепке алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығын байланыстыратын жағдайлар расталмаса, оның Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығын танудан бас тартылады. Бұл ереже, егер бұрын бұл тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығы құжатты негізде қате ресімделген жағдайда қолданысқа түседі.

32. Азаматтық мәселелер жөнінде шешімдерді орындау тәртібі:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің азаматтық мәселелері жөнінде шешімдерді алған соң екі апта мерзім ішінде, олар туралы материалдарды берген консулдық мекемеге мәлімдейді.

Азаматтық мәселелер жөнінде материалдарды берген консулдық мекеме көрсетілген шешімдерді алған соң екі апта мерзім ішінде өтініш иесіне өтініштің қаралған нәтижесі туралы хабарлайды.

Азаматтыққа қабылдану туралы өтініш қабыл алынбаған жағдайда немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққанда, азаматтық мәселелер жөнінде материалдарды берген консулдық мекеме өтініш берушіге шешімді кімнің, қай жерде бергені және қандай шешім қабылданғаны көрсетілген анықтама береді. Анықтаманың екінші данасы өтініш материалдарына қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылданған тұлғалар консулдық есепке тұрады. Оларға Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты беріледі.

Егер өтініш беруші тұру үшін басқа елге кетсе, консулдық мекеме шешімді орындауға шаралар қабылдау үшін бұл туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Бас консулдық басқармасына хабарлайды.

33. Әрбір жарты жылдың қорытындысы бойынша консулдық мекемелер Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Бас консулдық басқармасына Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Президенті шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат жібереді.

Ақпаратта консулдық мекеменің атауы, шешімнің нөмірі мен күні, оны кімнің қабылдағаны, өтініш берушінің тегі мен әкесінің аты, оларды шешім туралы хабардар еткен күн көрсетілуі қажет.

34. Азаматтық мәселелері жөнінде материалдарды ресімдеу кезінде консулдық жиынды алу тәртібі Консулдық жиындар тарифімен реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК